

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тәуелсіз салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы N 13-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тәуелсіз салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2009 жылғы 30 қаңтардағы
N 13 - ө өкімімен

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тәуелсіз салалық реттеуіштер қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет

нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ (жинақтау), ТМРА	2009 жылғы ақпан
2	Үлгілік инвестициялық шартты, үлгілік келісімді бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ (жинақтау), ТМРА	2009 жылғы ақпан
3	Шекті тарифтерді бекіту туралы			2009 жылғы ақпан

		Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ (жинақтау), ТМРА, ЭБЖМ	
4	Реттелетін нарықтардағы баға белгілеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА (жинақтау), АБА, БҚА	2009 жылғы ақпан
5	Тауарлар нарықтарында мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдердің, тауарлар мен қызметтердің номенклатурасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА (жинақтау), БҚА	2009 жылғы ақпан
6	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 1044 қаулысының күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭМРМ	2009 жылғы ақпан
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТМРА (жинақтау), АБА, БҚА	2009 жылғы ақпан
8	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 724 қаулысына толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АБА	2009 жылғы ақпан
9	Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына арналған тарифтерді тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтынатын көлеміне қарай саралау ережесін бекіту туралы	ТМРА бұйрығы	ТМРА	2009 жылғы ақпан
10	"Электр және жылу энергетикасы салаларындағы реттеліп көрсетілетін қызметтермен (тауарлармен, жұмыстармен) технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2006 жылғы 29 қарашадағы N 276-НҚ және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы N 318 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	ТМРА мен ЭМРМ-нің бірлескен бұйрығы	ТМРА, ЭМРМ	2009 жылғы ақпан
11	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ТМРА бұйрығы	ТМРА	2009 жылғы ақпан
12	Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ЭМРМ бұйрығы	ЭМРМ	2009 жылғы ақпан

Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы:

- БҚА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
- АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
- ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды

р е т т е у а г е н т т і г і

ЭБЖМ

- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі

ЭМРМ

- Қазақстан Республикасы Энергетика және
минералдық ресурстар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ